



«БЕКІТЕМІН»

«ТАЛАП» КеАҚ-ның президенті

С. Татибеков

2026 жыл

**WorldSkills Kazakhstan кәсіби шеберлік чемпионатының құрамдас бөлігі
«DalaSkills» республикалық чемпионаты аясында өтетін
«Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» атты инклюзивті
фестиваль ережесі**

Астана, 2026

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже WorldSkills Kazakhstan кәсіби шеберлік чемпионатының құрамдас бөлігі ретінде «DalaSkills» республикалық чемпионаты аясында тең мүмкіндік беру мақсатында өткізілетін «Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестивалін (бұдан әрі – Фестиваль) ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін айқындайды.

1.2. Фестивальдің мақсаты – ұлттық қолданбалы өнер мен дәстүрлі технологиялар арқылы мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдер мен жастардың қол моторикасын, шығармашылық қабілетін және практикалық дағдыларын дамытуға ықпал ету, олардың бойындағы табиғи талантты ашу, өз идеяларын еркін таныстырып, көпшілік алдында көрсетуге үйрету, сондай-ақ өз мүмкіндіктерін басқа қатысушылармен тең дәрежеде көрсетуіне жағдай жасау.

Міндеттері:

- мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар 12–20 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастарды DalaSkills құзыреттіліктеріне тарту арқылы олардың қабілеттерін анықтау және талантты қатысушыларды қолдау;

- ұлттық қолданбалы өнер мен дәстүрлі технологиялар бағытында инклюзивті жарыстар мен шығармашылық байқаулар жүйесін қалыптастыру, кәсіби шеберлік чемпионаттарына қатысуға әлеуеті бар жастарды іріктеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушыларға ерте кәсіптік бағдар беруге ықпал ету, болашақ мамандық таңдауға бағыт көрсету;

- қатысушылардың кәсіби және практикалық дағдыларын дамыту арқылы оларды республикалық, халықаралық және әлемдік деңгейдегі чемпионаттарға дайындыққа бейімдеу;

- жастардың өз мүмкіндіктеріне сенімін арттыру, қоғамда инклюзивті құндылықтарды нығайту және тең мүмкіндік мәдениетін қалыптастыру.

1.3. Фестивальге мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар 12–20 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар қатыса алады.

1.4. Бағыты: ұлттық мұраны сақтау мен заманауи технологияларды ұштастыра отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдер мен жастардың қоғамға белсенді араласуына жағдай жасау.

1.5. Фестиваль аясында қатысушылар ұлттық қолданбалы өнер мен дәстүрлі технологиялар саласындағы мамандықтармен танысып, инклюзивті ортада бірлескен жұмыс пен қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Әрбір жас қолөнер, дизайн және технология бағытындағы өз қабілетін көрсетуге мүмкіндік алып, еңбегінің нәтижесін көпшілікке таныстыра отырып, жетістікке жету тәжірибесін сезінеді.

II. Фестивальді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. «Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестивалін ұйымдастыру және өткізу жұмыстары DalaSkills республикалық чемпионатын ұйымдастыру құрылымдарының үйлестіруімен жүзеге асырылады.

2.2. Фестивальді ұйымдастыруға білім беру, ішкі саясат, жастар саясаты, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту салаларының, мәдениет және кәсіпкерлік ұйымдарының өкілдері, жұмыс берушілер, бизнес қауымдастығы, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ қоғамдық және жастар ұйымдары тартылады.

2.3. Фестивальді өткізу тәртібі

2.3.1. Фестиваль барысында іс-шара бағдарламасы, көрме талаптары мен қауіпсіздік ережелері қатысушыларға түсінікті әрі қолжетімді форматта ұсынылады.

2.3.2. Көрме аймағындағы орындарды алдын ала дайындау және бұйымдарды эстетикалық талаптар мен витриналық безендіру қағидаларына сәйкес орналастыру жұмыстары мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушылардың жетекшілері мен педагог-ассистенттеріне жүктеледі.

2.3.3. Фестиваль аясында қатысушылар өздерінің дайын бұйымдарын ұсынып қана қоймай, қолөнер туындыларының жасалу үдерісінің қарапайым элементтерін көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл үдерісті ұйымдастыру және қатысушыны сүйемелдеу оның жанында болатын жетекшілер мен педагог-ассистенттердің жауапкершілігіне жүктеледі.

2.3.4. Қатысушылардың жұмыс орындары қараусыз қалдырылмайды. Фестивальге қатысу кезінде мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушыларды жетекші, тьютор немесе педагог-ассистент міндетті түрде сүйемелдейді. Сүйемелдеуші мамансыз қатысушы фестивальге жіберілмейді.

2.3.5. Қатысушыны сүйемелдейтін жетекшілер, тьюторлар немесе педагог-ассистенттер оның қауіпсіздігін, қолдауын және жұмыс барысындағы жайлылығын қамтамасыз етуге жауапты болады.

2.3.6. Фестиваль аяқталғаннан кейін көрме орындарын ретке келтіру жұмыстары қатысушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды сүйемелдейтін мамандар мен еріктілердің қатысуымен жүргізіледі.

2.4. Ұйымдастыру комитетінің дайындық кезіндегі қызметі:

2.4.1. Фестивальге қатысушыларды, сарапшыларды, жетекшілерді, тьюторлар мен педагог-ассистенттерді тіркеу жүргізіледі (1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес). Қатысушылардың жеке тұлғасын және жасын растау тіркеу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Әр қатысушыға аты-жөні көрсетілген бейдж беріледі.

2.4.2. Әрбір құзыреттілік бойынша қатысушылардың бағыттары мен көрме аймақтарындағы жұмыс орындары алдын ала айқындалып, тіркеледі.

III. Көрмені өткізу талаптары

3.1. Көрме аймағында санитарлық-гигиеналық нормалар мен техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуы міндетті. Қатысушылардың жұмыс орындары таза, қауіпсіз және көрермендерге қолайлы жағдайда ұйымдастырылуы тиіс. Өткір, жанғыш немесе электр құралдарын қолдану кезінде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталады.

3.2. Көрме орындарын безендіру витриналық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Әр қатысушының бұйымдары ұқыпты, эстетикалық тұрғыдан тартымды және көрермендерге анық көрінетіндей етіп орналастырылады. Көрме аймағының жалпы композициясы, жарықтандырылуы, үстел жабдықтары, тұғырлар мен безендіру элементтері алдын ала қарастырылып, ұлттық нақыш пен көркем үйлесімділік сақталуы қажет.

3.3. Көрме аймағында әр қатысушының жұмысының жанында бұйым туралы қысқаша ақпарат беретін баннер немесе постер орналастырылады. Ақпараттық материалда бұйымның атауы, жасалу технологиясы және авторы туралы мәлімет көрсетіледі. Баннер көрме безендіруінің бір бөлігі ретінде өнімді таныстыруға арналған және өлшемі биіктігі 2 метр, ені 80 см болатын «паук» тіреуішіне орнатылады. Постерлер А3 немесе А2 форматында дайындалып, үстел үсті немесе едендік мольбертке орналастырылады. Көрме орнының безендірілуі мен ақпараттық материалдардың орналасуы витриналық талаптарға сай алдын ала қарастырылуы тиіс.

IV. Фестиваль жеңімпаздарын бағалау тәртібі

4.1. Фестиваль аясындағы жұмыстарды бағалауға бас сарапшының орынбасарлары, тәуелсіз сарапшылар және жұмыс берушілердің өкілдері қатысады. Бағалау үдерісі ашықтық, әділдік және бейтараптық қағидаттарына негізделеді.

4.2. Қатысушылардың жұмыстары алдын ала бекітілген бағалау критерийлері негізінде қарастырылады. Бағалау кезінде шығармашылық шешім, орындау сапасы, ұлттық нақышты сақтау, практикалық дағды және идеяны таныстыру деңгейі ескеріледі.

4.3. Фестиваль қорытындысы бойынша жүргізілген бағалау нәтижелері WorldSkills чемпионаттарындағыдай CIS жүйесіне енгізілмейді. Бағалау тек фестиваль аясында бекітілген критерийлер бойынша жүргізіледі және қорытынды хаттамалармен рәсімделеді.

V. Фестиваль қатысушыларын марапаттау

5.1. Фестиваль қорытындысы бойынша әр құзыреттілік бағытында үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар I, II, III орындар бойынша дипломдармен марапатталады.

5.2. Қажет болған жағдайда жүлдегерлерге арнайы номинациялар табысталуы мүмкін.

5.3. Фестивальге қатысқан барлық мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдер мен жастарға қатысушы сертификаттары беріледі.

5.4. Дипломдар мен сертификаттарда қатысушыны дайындаған жетекшінің, педагог-ассистенттің және сүйемелдеуші мамандардың аты-жөні көрсетіледі.

VI. Фестивальдің көрме құзыреттіліктері

(12–20 жас аралығындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдер мен жастар қатысады)

№	Құзыреттілік атауы	Іс-шара форматы
1	«Киіз өнері»	Киіз туындылары көрмесі және жүн басу үдерісін көрсету
2	«Ұлттық былғары қолөнері»	Былғары бұйымдар көрмесі және брелок жасау тәсілін көрсету
3	«Ұлттық құрақ құрау»	Дайын құрақ бұйымдары көрмесі
4	«Ұлттық қолданбалы өнер: бау тоқу»	«Шебер қолдар өрген баулар» көрмесі және бау тоқу тәсілін көрсету
5	«Ұлттық киімдер сән технологиясы»	Ұлттық киім үлгілерінің көрмесі
6	«Дайын металл элементтерінен ұлттық сәндік әшекейлерді құрастыру»	Дайын металл элементтерінен құрастырылған ұлттық стильдегі сәндік әшекейлер көрмесі
7	«Қазақтың дәстүрлі ас дайындау технологиясы»	Ұлттық тағамдар көрмесі мен дегустациясы
8	«Қазақтың дәстүрлі тәтті тағамдары және ұн өнімдері»	Тәтті тағамдар мен ұн өнімдері көрмесі және дегустациясы
9	«Қазақтың дәстүрлі сүт өнімдерін дайындау»	Сүт өнімдері көрмесі және дегустациясы
10	«Қазақтың дәстүрлі қамыр тағамдарын дайындау»	Қамыр тағамдары көрмесі және дегустациясы
11	«Этнотуристік қызметтерді ұйымдастыру»	Инклюзивті этнотуризмге арналған цифрлық жобалар көрмесі «Бізді де өздеріңізбен бірге саяхаттауға алыңыздар» 1) бағыт Этномәдени нысандар макеттерінің көрмесі 2) бағыт Цифрлық этнотуризмге арналған жобалар мен идеялар көрмесі
12	Су биоресурстарын өңдеу	«Даланың су дәмі» көрмесі мен дегустациясы

VII. Фестиваль қатысушыларына қойылатын талаптар

7.1. «DalaSkills» республикалық чемпионаты аясында тең мүмкіндік беру мақсатында өткізілетін «Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестивалінің қатысушылары – мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар 12–20 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар.

7.2. Қатысушылар фестиваль аясында DalaSkills құзыреттіліктері бағыттары бойынша өз шығармашылық және практикалық жұмыстарын ұсынады. Қатысушылар саны шектелмейді.

7.3. Фестивальге қатысушылар:

7.3.1. жалпы білім беретін мектептердің оқушылары;

7.3.2. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері;

7.3.3. ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастар.

7.4. Қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмесі тіркеу кезінде ұсынылады.

7.5. Қатысушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін немесе мүгедектік мәртебесін растайтын құжаттардың көшірмелері ұсынылады. Қатысу үшін білім беру ұйымының жазбаша өтінімі, ата-аналардың немесе заңды өкілдердің қатысуға, дербес деректерді өңдеуге және фото-бейнематериалдарды пайдалануға келісімі ұсынылады.

7.6. Фестивальге қатысу үшін ұйымдастырушыларға белгіленген нысан бойынша өтінімдер мен тиісті құжаттар (1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес) тапсырылады.

Ескерту: Анықтама білім беру ұйымының арнайы бланкісінде, шығыс нөмірі көрсетіле отырып, ұйым басшысының қолы және мөрімен міндетті түрде расталып ұсынылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және (немесе) денсаулығында мүмкіндігі шектеулі білім алушының мәртебесін растайтын білім беру ұйымының анықтамасы

Осы анықтама

(білім алушының тегі, аты, әкесінің аты толық)

туған күні: « _____ » _____ ж.
оның _____

(білім беру ұйымының атауы толық)

білім алушысы екендігін және төмендегі құжаттардың негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және (немесе) денсаулығында мүмкіндігі шектеулі тұлғалар санатына жататынын растайды *(қажеттісін белгілеу)*:

медициналық-әлеуметтік сараптама (МСЭ) анықтамасы;

психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның (ПМПК) қорытындысы;

дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ВКК) қорытындысы.

Осы анықтама денсаулығында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған «Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестивалін ұйымдастырушыларға ұсыну үшін берілді.

Ұйым басшысы _____ / _____
(қолы) *(Т.А.Ә.)*

М.О.

«Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестивалін ұйымдастырушыларына

Фестивальға қатысуға, дербес деректерін сақтау және өңдеуге, сондай-ақ білім алушының фото және бейнематериалдарын пайдалануға ата-ананың (заңды өкілдің) келісімі

Мен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар және (немесе) денсаулығында мүмкіндігі шектеулі білім алушының заңды өкілі

(ата-ананың (заңды өкілдің) тегі, аты, әкесінің аты толық)
мекенжайы: _____

жасы _____ (жасын көрсету)

ерекше білім беру қажеттіліктері бар, денсаулығында мүмкіндігі шектеулі баланың заңды өкілі

ретінде _____
(ата-анасы / асырап алушысы / қорғаншысы / қамқоршысы - көрсету)

(баланың тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН: _____

«Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестивалінің барлық кезеңдеріне қатысуына өз келісімімді беремін.

Фестивальге қажетті баланың дербес деректерін сақтауға және өңдеуге, сондай-ақ фестиваль өткізу барысында алынған фото және бейнематериалдарын ақпараттық, есептік және өзге де коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға келісімімді беремін.

Күні: « _____ » _____ 2026 ж.

Ата-ананың (заңды өкілдің) қолы:

Т.А.Ә. _____

Фестивальге қатысуға ӨТІНІМ

Мектептің /немесе/ колледждің толық атауын жазып білім алушысын «Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестивалінің қатысушылар қатарына қосу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз.

1.	Білім беру ұйымының атауы	
2.	Көрме құзыретінің атауы	
3.	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты	
4.	Туған күні	
5.	Қатысушы санаты — білім алушының мәртебесі (мектеп оқушысы, колледж студенті және т.б.)	
6.	Мүгедектік тобы, нозология тобы (2, 3)	
7.	Мүгедек бала (иә/жоқ) (мүгедектік МСЭ анықтамасымен расталады)	
8.	Денсаулығында мүмкіндігі шектеулі (ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар) (иә/жоқ) (ПМПК немесе ВКК қорытындысымен расталады, анықтаманың бар/жоқтығын көрсету)	
9.	Нозология түрі — қатысушының денсаулығында мүмкіндігі шектеулі немесе мүгедектік мәртебесіне байланысты денсаулық бұзылысының түрі	
10.	Өтінім берушінің Т.А.Ә. (саратшының немесе ілесіп жүретін тұлғаның Т.А.Ә. көрсету)	
11.	Байланыс телефоны	
12.	Білім беру ұйымының ресми электрондық поштасы	
13.	Ерекше жағдайлар – қатысушының жарысқа қауіпсіз әрі жайлы қатысуы үшін қажетті қосымша жағдайлар (сурдоаудармашының және (немесе) ассистенттің сүйемелдеуі, қолжетімді орта — пандус, лифт және өзге де жағдайлар)	

Ескерту: өтінім білім беру ұйымының басшысы қолымен расталып, ұйымдастыру комитетіне сканерленген көшірме (PDF-файл) және электрондық нұсқа (Word-файл) түрінде барлық көрсетілген деректерді енгізу және өндеу үшін жолданады.

Мекеме басшысы
М.О.

_____ / _____
(қолы)

_____ / _____
(Т.А.Ә.)

Фестивальге қатысушының құжаттар топтамасы

Фестивальге қатысу үшін қатысушы төмендегі құжаттар топтамасын ұсынады:

- білім беру ұйымынан «Абилимпикс: Дала дәстүрі – болашақ мүмкіндіктер» инклюзивті фестиваліне қатысу туралы жазбаша өтінім (3-қосымша);
- мүгедектіктің сипаты және (немесе) денсаулық мүмкіндіктерінің шектеулері, сондай-ақ Фестивальге қатысу үшін қажетті өзге де ерекше жағдайлар көрсетілген медициналық анықтамалар;
- ерекше білім беру қажеттіліктері немесе мүгедектік мәртебесін растайтын құжаттардың көшірмелері (МСЭ анықтамасы және (немесе) ПМПК не ВКК қорытындысы);
- білім беру ұйымында білім алатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар және (немесе) денсаулығында мүмкіндігі шектеулі білім алушының мәртебесі туралы анықтама (1-қосымша);
- ата-аналардың немесе заңды өкілдердің білім алушының Фестивальге қатысуына, дербес деректерін өңдеуге, сондай-ақ фото және бейнетүсірілім жүргізуге және фото-бейнематериалдарды ақпараттық әрі есептік мақсатта пайдалануға берген жазбаша келісімі (2-қосымша);
- қатысушының жеке басын куәландыратын құжат (туу туралы куәліктің немесе жеке куәліктің көшірмесі).

